

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 1568 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы N 400 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 1568 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., N 19, 226-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті